

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 3 Хаттамасы

Түркістан қаласы

10.12. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.У. Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова, кафедра меңгерушілері: Phd., аға оқытушы Д.Шауенов, Phd., аға оқытушы С. Т. Шылмамбетов, Phd., аға оқытушы Ф.Б. Камалова, магистр оқытушы Бейсенов А., магистр оқытушы Досалиев Т., магистр оқытушы Ибадулла Ы. және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
6. Әр түрлі мәселелер:
 1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.
 2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері» зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.

1-мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет отырысында факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева қорытынды аттестаттау рәсімдеріне қатысты ақпарат ұсынып, бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін аттестаттау пәндерінің жаңартылған тізімін назарға ұсынды. Әр пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарының құрылымы, олардың оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі талқыланды. Талқылау барысында қатысушылар пәндердің мазмұндық үйлесімділігіне, сұрақтардың кәсіби құзыреттерді қамту деңгейіне назар аударып, бірқатар әдістемелік толықтырулар мен редакциялық өзгерістер енгізуді ұсынды. Бітіру жұмыстарының форматы бойынша «диплом жұмысы» және «дипломдық жоба» нұсқалары қарастырылып, мамандық ерекшелігіне сәйкес ұсынылатын формалар нақтыланды.

2025-2026 оқу жылындағы Теология факультетіне қарасты білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші студенттерді қорытынды аттестаттаудың қабылдау нысанын төмендегі көрсетілген кестеде бекітуге ұсынылды:

№	ББ шифры, атауы	Студент саны	Қорытынды аттестаттау нысаны			Жауапты кафедра
1.	6B02229-Теология	32	1-кешенді емтихан	1.Калам 2.Ислам құқығы әдістемесі	Жазбаша	Теология
			2-кешенді емтихан	1.Теологиялық оналту	Шығармашылық	

				2.Құрантану		
2.	6B02266-Исламтану	12	1-кешенді емтихан	1.Калам 2. Ислам құқығы	Жазбаша	
			2-кешенді емтихан	1.Құран аудармалары мен түсіндірмелері 2. Ислам мазхабтарының тарихы	Шығармашылық	
3.	6B02228-Дінтану	41	1-кешенді емтихан	1.Дін психологиясы 2. Мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар	Жазбаша	Дінтану
			2-кешенді емтихан	1.Діндер тарихы 2. Дін философиясы	Тәжірибелік	

Ал 2025-2026 оқу жылындағы 28.08. күнгі №1 Сенат мәжілісінің 3.3 пунктінің шешімі бойынша бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес Теология факультетіне қарасты 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған студенттердің қорытынды аттестаттаудың қабылдау нысанын төмендегі көрсетілген кестеде бекітуге ұсынылды:

№	ББ шифры, атауы	Студент саны	Қорытынды аттестаттау нысаны			Жауапты кафедра
1.	6B02228-Дінтану	2	1-кешенді емтихан	1.Дін психологиясы 2. Мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар	Жазбаша	Дінтану
			2-кешенді емтихан	1.Діндер тарихы 2. Дін философиясы	Тәжірибелік	

2-мәселе бойынша «Дінтану кафедрасының меңгерушісі Ф.Б. Камалова ағымдағы оқу жылында бітіруші студенттердің, магистранттар мен докторанттардың дипломдық, магистрлік және докторлық жұмыстардың (жоба) алдын ала ұсынылған тақырыптар тізімін комитет мүшелеріне таныстырды. Әр тақырыптың білім беру бағдарламасының мақсаттары мен зерттеу бағытына сәйкестігі, ғылыми жаңалығы мен өзектілігі талқыланды. Сонымен қатар ғылыми жетекшілердің жүктемесі, жетекшілер мен пікір берушілердің ғылыми дәрежесі мен тәжірибесіне қатысты мәліметтер ұсынылды.

Талқылау барысында қатысушылар ұсынылған тақырыптардың көпшілігі қазіргі ғылым мен өндірістің өзекті мәселелерін қамтитынын атап өтіп, жекелеген тақырыптар бойынша атауын нақтылау, мазмұнын толықтыру жөнінде пікірлер білдірді. Әр жұмысқа бекітілетін ғылыми жетекшілердің мамандық бағытына сәйкестігі қарастырылып, ұсынылған пікір берушілердің құзыреттілігі мен ғылыми-практикалық тәжірибесі талданды.

Сонымен, УЕ-ХҚТУ-027-2022 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу ережесінің 8.7.2-тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына Теология факультетінің 2-курс бітіруші магистранттарының магистрлік

диссертация (зерттеу) жұмыстарына рецензенттер тізімін төмендегі кестеге сәйкес бекітуге ұсынылды.

№	Магистрлік диссертация жұмыстарына тағайындалатын рецензенттердің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны және лауазымы	Магистрлік диссертация (зерттеу) тақырыбы	Магистранттың аты-жөні
М051-Дінтану және теология: 7М02211-Дінтану (қысқы)			
1	Тунгатова Улжан Аскарбаевна Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті PhD	Ақмырза ишанның түркіиман еңбегіне дінтанулық талдау	Айтбай Бақдәулет Саматұлы
		Ибн Таймияның еңбектеріне теологиялық талдау	Жолшыбек Бауыржан Оразбекұлы

3-мәселе бойынша факультеттің деканы С. Абжалов білім алушылардың академиялық белсенділігін арттыру, шығармашылық ойлауын дамыту және қабілетті студенттерді анықтау мақсатында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды таныстырды. Декан өз сөзінде олимпиадалар білім алушылардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, практикалық тапсырмаларды орындау дағдыларын шыңдауға, зерттеушілік қабілетті дамытуға және бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға айтарлықтай ықпал ететінін атап өтті.

Комитет отырысында студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Олимпиадалардың мақсаты – студенттердің теориялық білімін тереңдету, зерттеу дағдыларын дамыту және пәнге қызығушылығын арттыру болып белгіленді. Әр кафедраға пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру кестесін әзірлеу, олимпиада сұрақтарын жаңарту және дарынды студенттерді анықтау бағытында жұмыс жүргізу тапсырылды. Сонымен қатар, жеңімпаздарды марапаттау және үздік нәтижелерді республикалық деңгейдегі байқауларға ұсыну туралы шешім қабылданды.

Ұсынылған жоспар бойынша пәндік олимпиадалар ағымдағы оқу жылының көктем мезгілінде өткізіледі. Олимпиада бірнеше кезеңнен тұрады: факультетішілік іріктеу, кафедралар бойынша сайыс және факультеттің үздік білім алушыларын анықтайтын қорытынды кезең. Сонымен бірге олимпиаданың онлайн және офлайн форматтарын үйлестіре өткізу мүмкіндіктері қарастырылды. Олимпиада форматы, бағалау критерийлері, қатысушыларға қойылатын талаптар, сонымен қатар ұйымдастыру және тіркеу кезеңдері туралы толық ақпарат берілді.

Талқылау барысында комитет мүшелері олимпиадалардың мазмұнын нақтылау, тапсырмалар құрылымын білім беру бағдарламаларының оқу мақсаттарына сәйкестендіру, күрделілік деңгейін әртүрлі курс студенттеріне бейімдеу жөнінде пікірлер айтты. Сонымен қатар студенттердің пәндік дайындығын күшейту үшін алдын ала дайындық курстарын ұйымдастыру, кеңес беру сағаттарын белгілеу, оқытушылар тарапынан әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігі атап өтілді.

Философия кафедрасының меңгерушісі С. Шылмамбетов олимпиаданың әділ және объективті өтуі үшін комиссия құрамын тәжірибелі оқытушылар мен салалық мамандардан қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Әр кафедрадан жауапты тұлғаларды белгілеу, тапсырмаларды әзірлейтін жұмыс тобын құру, сондай-ақ жеңімпаздарды марапаттау рәсімін ұйымдастыру мәселелері де қарастырылсын деп өз ұсынысын айтты.

Талқылау қорытындысы бойынша пәндік олимпиадаларды жоғары деңгейде өткізу, мазмұнын жетілдіру және студенттердің қатысуын кеңейту мақсатында ұсыныстар жинақталып, факультеттік бекітуге ұсынылды.

4-мәселе бойынша оқу-әдістемелік комитет отырысында факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жаркинбаева факультетімізде студенттердің кәсіби және жалпы құзыреттерін меңгеру деңгейін бағалау механизмдерінің қазіргі жағдайы туралы баяндама жасады. Баяндамада оқу пәндері мен бағдарламаларында белгіленген құзыреттер тізбесінің — теориялық білім, практикалық дағды, зерттеу қабілеті, коммуникативтік және топта жұмыс істей білу, аналитикалық ойлау және шығармашылық қабілет сияқты — көрсеткіштерінің студенттер арасында қалай қалыптасып, бағаланатыны, сондай-ақ сол бағалау нәтижелері қалай рәсімделетіні түсіндірілді. Сонымен қатар, факультетте студенттердің құзыреттерін бағалауға арналған бақылау-ілгерілеу тестілері, практикалық жұмыстар, курстық жобалар, семинарлар мен талқылаулар, және бітіру жұмыстары арқылы мониторинг жүргізілетіні айтылды.

Талқылау барысында қатысушылар факультеттегі бағалау жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасады. Артықшылықтарына — құзыреттердің кешенді түрде бағалануы: теориялық біліммен қатар практика мен зерттеу дағдылары да тексерілуі; әртүрлі формадағы жұмыстар арқылы (тест, жоба, семинар, курстық, диплом) студенттердің қабілеттері кешенді түрде көрінуі; және баға мен кері байланыс арқылы слаб жағында тұрған студенттерге түзету жасау мүмкіндігі кірді.

Алайда, бағалау жүйесінде әлі де жетілдіруді қажет ететін мәселелер бар. Студенттердің құзыреттерін бағалау, кері байланыс және практикалық дағдыларды ескеру бойынша кейбір бағыттар толықтай жүйеленбеген. Осыған орай, бағалау рәсімдерін әрі қарай жетілдіру және біріздендіру қажеттілігі бар.

Сонымен қатар, декан орынбасары Д. Жаркинбаева мына мәселені де қоса айтты, факультетте қолданылатын бағалау саясатына сәйкес, «А» және «А-» баға көрсеткіштері студенттер топтары бойынша барлығының 10%-ын аспауы тиіс, яғни бұл баға тек ең жоғары академиялық көрсеткішке ғана студенттерге беріледі. Мұндай шектеу студенттердің үлгерімі бойынша әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуге және бағалаудың адалдылығын сақтау мақсатында енгізілген.

5-мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.А. Шадинова факультет кафедраларында оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік материалдармен, яғни оқу-әдістемелік кешендермен (ОӘК) қамтамасыз етілу деңгейі туралы толық есепті ұсынды. Есеп барысында ОӘК-тердің құрылымы, олардың оқу бағдарламаларына сәйкестігі, жаңартылу жиілігі және электронды форматтағы қолжетімділігі жайлы ақпарат берілді.

Факультеттегі барлық пәндердің ОӘК-тері оқу бағдарламасының талаптарына сай жасалғаны, олардың құрамында жұмыс бағдарламалары, дәріс конспектілері, семинар және практикалық сабақтарға арналған тапсырмалар, тест сұрақтары, өзіндік жұмысқа арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен бағалау критерийлері бар екені атап өтілді.

Есепті талдау барысында үш кафедраның толық оқу-әдістемелік контенті біріздендіріліп, цифрландырылып, арнайы жинақ ретінде CD-дискке енгізілгені айтылды. Бұл – оқытушылар мен студенттердің материалдарға қолжетімділігін арттырып қана қоймай, оқу құжаттарын жүйелі сақтау мен архивтеу ісін де жеңілдететін тиімді қадам ретінде бағаланды. CD-дискілерге енгізілген материалдар құрамында әр пәнге арналған жаңартылған оқу бағдарламалары, әдістемелік құралдар, презентациялар, бағалау критерийлері және қосымша әдебиеттер тізімі қамтылған.

6-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.
2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері» зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну.

1-мәселе бойынша, келесі кезекте Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасын талқыланды. Г.Шадинова ханым сөз алып, курстың құндылығы мен маңыздылығын атап өтті. Басқа оқытушылар да өз ойларын ортаға салды. Д.С. Жаркинбаева әзірлеген «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасы кафедра тарапынан жан-жақты зерделеніп, оқу үдерісіне енгізуге толықтай лайық деп танылды. Бағдарлама құрылымы модульдік принципке негізделген және 32 сағаттық ғылыми-әдістемелік талаптарға сай жүйеленген. Бағдарлама заманауи өмір қарқыны, ақпараттық жүктеме және әлеуметтік факторлардың адам психикасына әсерін ескере отырып әзірленген. Тренингтік курс психологиялық тұрақтылықты дамыту, күйзеліске қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру және білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатын нығайтуға бағытталған.

Курс мазмұны қазіргі әлеуметтік жағдайдағы жастар мен ересектердің психикалық саулығын нығайтуға бағытталған өзекті мәселелерді қамтиды. Әр модульде теориялық түсінік қысқа әрі нақты беріліп, негізгі басымдық практикалық жаттығуларға жасалған. Бұл оқу форматы психологиялық тренингтерге тән динамиканы сақтауға және қатысушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламада жарқын әдістемелік шешімдер қолданылған: өзіндік диагностика (күйзеліс шкаласы), эмоцияны реттеу құралдары, тыныс алу және визуализация техникасы, арт-терапиялық тәсілдер, жеке шекараны қорғауға арналған рөлдік ойындар. Мұндай әдістер студенттердің коммуникативтік, эмоционалды және тұлғалық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар курс соңындағы рефлексия модулі қатысушылардың жеке өзгерістері мен даму динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Курс ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген, теориялық негіздері заманауи психология талаптарына сай, практикалық мазмұны кәсіби даярлық деңгейіне сәйкес келеді. Бағдарламаның қолданылу аясы кең, болашақ психологтар, педагогтер және әлеуметтік қызметкерлер үшін құнды оқу материалы болып табылады.

Бағдарламаны кафедраның оқу-әдістемелік қорына енгізуге және білім беру үдерісінде пайдалануға толықтай ұсынамыз.

2-мәселе бойынша, «Теология» кафедрасының меңгерушісі Д. Шауенов сөз алып, яғни бұл қосымша білім беру бағдарламасы аясында зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне исламдық руханият құндылықтарын заманауи талаптармен ұштастыра меңгеруге мүмкіндік беріледі. Қазіргі қоғамның даму үдерісі – цифрландыру, коммуникацияның жеделдеуі және әлеуметтік қатынастардың өзгеруі – аға буын өкілдеріне де жаңа жағдайда өз орнын табуды, рухани кемелдену арқылы өмір сапасын арттыруды қажет етеді. Исламдық руханияттың негізгі қағидалары – иман, сабыр, шүкір, мейірім, әділдік, ізгілік – адамға кез келген ортада үйлесім мен тыныштық сыйлайтын өмірлік бағдар болып табылады. Осындай құндылықтарды жаңаша түсіну, оларды күнделікті өмірде қолдану, заманауи қоғам сұраныстарымен байланыстыра білу зейнеткер жастағы азаматтарға ерекше қажет. Бүгінгі таңда аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесін рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, қоғамға белсенді түрде қатысуына сұраныс артып келеді. Сондықтан бағдарламаның мазмұны исламдық құндылықтарды түсіндірумен қатар, қазіргі заман адамына қажетті дағдылармен толықтырылады: іскерлік қарым-қатынас мәдениеті, қоғамда өзін ұстай білу әдебі, ортада сыйластық орнату, цифрлық ресурстарды өз қажетіне тиімді пайдалану, жаңа жағдайларға икемделу сияқты бағыттар қамтылады деп сипаттап, баяндады.

Осы мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова, өз сөзінде, бағдарламаның мақсаты, бұл тыңдаушыларды исламдық руханият негіздерімен таныстырып, іскерлік коммуникация дағдыларын дамыту, жеке мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, шығармашылық және зерттеу бағытындағы жұмыстарға бейімдеу, күнделікті өмірде цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын этикалық әрі тиімді қолдануды үйрету, сонымен қатар олардың рухани дамуына үлес қосу.

Шешім:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқыланып, емтихандардың сұрақтарын талдап, бағдарламаларын бекітуге ұсынылсын және бітіру жұмысы формасы (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықталынсын.
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқыланып, бекітілуге ұсынылсын.
3. Пәндік олимпиадалар 2026 жылғы көктемгі семестрде өткізілуі жөнінде шешім қабылдансын. Олимпиаданың ұйымдастыру жоспары мен мазмұны толықтырылып, бекітуге ұсынылсын. Жауапты оқытушылар мен комиссия мүшелері кафедра отырысының келесі жиналысында нақтылансын.
4. Факультетте білім алушылардың құзыреттерін бағалау тиімділігін арттыру мақсатында ұсыныстар мақұлдансын. Кафедралар бағалау жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстары басталсын.
5. Оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын заманауи білім беру стандарттарына сәйкес жетілдіру, цифрлық білім ресурстарымен толықтыру және студенттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырылсын.
6. Әр түрлі мәселелер
 1. Д.С. Жаркинбаеваның «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» тренингтік курс бағдарламасы қаралып, университеттің оқу-әдістемелік комитетінде бекітуге ұсынылсын.
 2. «Теология» кафедрасының біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы «Шапағат нұры – исламдық руханият негіздері», зейнеткерлер мен аға буын өкілдеріне арналған қосымша білім беру бағдарламасы талқыланып, мазмұны мен құрылымы мақұлдансын және университеттің оқу-әдістемелік комитетінде бекітуге ұсынылсын.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Г.А. Шадинова